



§17. Антропогенез және этногенез


- Әскери-саяси тарих – соғыстар мен мемлекеттер тарихы;
- Тарихи әлеуметтану – әлеуметтік құрылымдардың дамуын;
- Техника тарихы – техникалық прогресті зерттейді;

Тарихтың дербес ғылымдары зерттейтін
аспектілер де бар. Олар:

Антропология

палеоантропология

антропогенез



Антропология және археология

Археология

- Әлеуметтік ғылым;
- Заттар арқылы зерттейді;
- Археологтарды ежелгі адамдардың пайдаланған құралдары қызықтырады;

Антропология

- Биологиялық ғылым;
- Адам денесін, сүйегін зерттейді;
- Антропологті оның бас сүйегі мен сүйектерінің құрылысы қызықтырады;
- Адамның жасын, жынысын, сыртқы бейнесін

Алайда антропологиялық және археологиялық зерттеулер қатар жүргізіледі.

Гендік география

- Ғалымдар дүниежүзі халықтарының генетикалық атласын жасаумен және адамдардың ежелгі замандағы көші-қондарын зерттеумен айналысады.
- Қазір “**нәсіл**” түсінігінің орнына **антропологиялық үлгі** ұғымы жиі қолданылады.

**Тіл
мамандары**



археологтар



антропологтер



тарихшылар



этнографтар

Этнос және этнология

- Этнос “халық”, “ұлт” дегенді білдіреді.
- Этнология этникалық үрдістерді зерттейтін ғылым.
- Этногенез – этностың пайда болуының тарихи үдерісі.

Этностық белгілер:

- Халықтың ортақ атауы;
- Аумақтық орналасуы;
- Этникалық сана;
- Ортақ тілдің қалыптасуы;
- Нәсілдік белгілердің ұқсастығы;
- Ортақ мәдениет.

Жаңа этностар құрылуының тәсілдері

- 1) Тайпалардың бірігуі.
- 2) Жаулап алушылар немесе отаршылдардың жергілікті халықпен – автохтондармен араласуы. Бұл ассимиляция деп аталады.
- 3) Иммигрант топтарының қосылуы.
- 4) Жіктелу арқылы.
- 5) Өзгеру арқылы

- Қазақ халқының шығу тегінің көп аспектілері арасында екі негізгі компонентті байқаймыз:
- тілдік
- антропологиялық.

Қазақ халқының этногенезінің үш негізгі кезеңдерін көрсетуге болады:

- 1 кезең. Қола және ерте темір дәуірлерінде (б.з.б. III-I мыңжылдықтар) Қазақстанды мекендеген тайпалардың тұрақты көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрлері қалыптасып, ортақ этникалық және нәсілдік тұтастығы байқалды. Андронон мәдениетінің тайпалары да, сақ-сармат тайпалары да антропологиялық тұрғыдан еуропеоидтық нәсілге жататын. Сақ-сарматтарға қатысты жазба деректерді сараптау негізінде олар үнді еуропалық тілдік тобының шығыс ирандық тілдерінде сөйлеген деген тұжырым басым

2 кезең.

- Біздің заманымыздың І-ші мыңжылдығынан бастап Қазақстандағы күрделі этнолингвистикалық және антропологиялық өзгерістер басталады. Шығыстан келген ғұн тайпаларының Қазақстанның байырғы тұрғындарымен, сак, сарматтайпаларының ізін басқанүйсін, қаңлы тайпаларымен араласуы нәтижесінде ерте түркі этномәдени және тілдік бірлестігі қалыптаса бастайды. Осы кезде Қазақстанды мекендеген тайпалардың арасында шығыстық нәсілдік белгілер күшейеді. Түркітілдес қыпшақ, қимақ, оғыз, қаңлы, дулат, қарлұқ тайпалары Қазақстанды мекендеген.


3 кезең.

- Бұл кезеңді қазақ халқының қалыптасуының аяқталу дәуірі деп есептеуге болады. XIII-XV ғасырларда шығыстан келген моңғол және түркі тектес тайпалардың Дешті- Қыпшақтың тайпаларымен араласып, қазақ халқының этногенезінің жаңа кезеңі басталады. Қазақстанды мекендеген байырғы этникалық субстрат шығыстан келген тайпаларды өзіне қосып, ассимиляциялап отырды. Антропологиялық тұрғыдан шығыс нәсілдік белгілері күшейеді. Этнолингвистикалық тұрғыдан ежелгі қыпшақ тілінің негізінде қазақ тілі қалыптаса бастады. XV ғасырлардың ортасына қарай қазақ этномәдени және тілдік бірлестігі қалыптасуы аяқталып, тарихи сахнада Қазақ хандығы атты жаңа этносаяси құрылым пайда болады. Жалпы, Еуразияның көшпелі халықтарының этногенезі көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрлердің эволюциясының көрінісі болып табылады.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Этнос және этнология
2. Жаңа этностар құрылуының тәсілдері
3. Этнос құрылуының факторлары және этногенез

Қосымша дерекпен жұмыс



- Төмендегі сұрақтарға жауап дайындайды:
- Қазақ халқының қалыптасу үдерісі қандай кезеңдерге бөлінеді?
- Бұл кезеңде қандай тайпалар/мемлекеттер өмір сүрді?
- Әр кезеңде қандай этникалық өзгерістер орын алды?
- Бұл тайпалар/мемлекеттер қазақ халқының қалыптасуында қандай рөл атқарды?

ҚБ тапсырмасы.

- «Қазақ халқының қалыптасуында қандай кезең шешуші рөл атқарды?» атты тақырыпта эссе жазады. 150-200 сөз.
- Эссенің критерийлері:
 - Кіріспе (*негізгі ойға қысқаша тоқталу*)
 - Негізгі бөлім (*кем дегенде 2 дәлел мен 2 факті келтіру*)
- Қорытынды (*өзіндік баға беру*)